

# ОСЫ ЖЕРДЕН БАСТАҢЫЗ: Aruba 6400 қуат беру блоктарына арналған орнату, қауіпсіздік және нормативтік ақпарат

## Барлық өнім құжаттары

Aruba коммутатор өнімдеріне арналған соңғы *Installation and Getting Started Guide* (Орнату және жұмысты бастау нұсқаулығы) және басқа құжаттар үшін келесі сілтеме бойынша Aruba қолдау порталына кіріңіз: <https://asp.arubanetworks.com/downloads>. Қажетті жарияланымдарды сүзгілеңіз. R0X35A/R0X36A қуат беру құралдарына арналған маңызды алдын-ала орнату ақпаратын осы нұсқаулықтың қалған мазмұнынан қараңыз.



**ЕСКЕРТУ:** Aruba R0X35A/R0X36A қуат беру құралдарында пайдаланушы өзі жөндей алатын бөліктер жоқ. Өнімге қызмет көрсету қажеттілігі туралы Aruba өкіліне хабарласыңыз.

## Қолданылатын өнімдер

Aruba 6400 1800 Вт қуат беру құралы R0X35A

Aruba 6400 3000 Вт қуат беру құралы R0X36A

C16 кіріс адаптері

C20 кіріс адаптері

## Қуат беру блогына (PSU) қатысты сақтық шаралары

Қуат беру блогын орнатқан кезде жарақат алмас үшін немесе құрылғыға зақым келтірмес үшін, орнату бойынша мына сақтық шараларын және нұсқауларды оқып шығыңыз.





---

### АБАЙЛАҢЫЗ:

- Қуатқа қоспас бұрын берілген бұрандамен тиісті кіріс адаптерін орнатыңыз да бекітіңіз. Корпустан тыс кіріс адаптерін қуат көзіне қоспаңыз. Қуат сымын ажыратпас бұрын кіріс адаптерлерін корпустан шығармаңыз.
- Қуат беру блогы алынып тасталса және қайта орнатылса, орнатпас бұрын кемінде бес секунд күтіңіз. Әйтпесе, корпусына зақым келуі мүмкін. Қуат беру блогы осы кезде кез келген қалған қуатты шығаруы қажет.
- Қуат көзі желілерінің жерге дұрыс тұйықталғанын тексеріңіз. Корпусымен немесе қуат беру блогымен бірге берілетін қуат сымы арқылы корпусты қуат көзіне жалғаңыз.
- Тек Aruba бекіткен және ұсынған қуат сымдарын ғана пайдаланыңыз. Дұрыс қуат сымын таңдау үшін **Қуат сымдары мен кіріс адаптерлері (2-бет)** бөлімін қараңыз.
- Орнату үшін корпусымен немесе қуат беру блогымен бірге берілгеннен басқа қуат сымы қажет болса, сымның корпустың немесе қуат беру блогының ағымдағы талаптары үшін сәйкес өлшемде болуын қамтамасыз етіңіз. Оған қоса, еліңіздегі/аймақтағы қуат сымдарына арналған ережелерді анықтайтын қауіпсіздік агенттігінің белгісі бар қуат сымын ғана қолданыңыз. Белгі қуат сымын корпуспен және қуат беру блогымен бірге қауіпсіз қолдануға болатынын қамтамасыз етеді.
- Жұмыс істейтін сыртқы температура спецификацияда көрсетілгеннен асатын ортада корпус пен қуат беру құралдарын орнатпаңыз. (Қоршаған орта туралы ақпаратты коммутатордың соңғы *Installation and Getting Started Guide* (Орнату және жұмысты бастау нұсқаулығы) құжатынан қараңыз.)
- Мекемедегі корпустың қуат беру блоктары қуат желілерін, сымдарды және артық токпен қорғанысты шамадан тыс жүктемеуін қамтамасыз етіңіз. Берілетін ток айналымдарының шамадан тыс жүктелу ықтималдығын анықтау үшін, корпустың қуат беру блогымен бірдей ток айналымына орнатылған барлық құрылғылардың ампер көрсеткіштерін бірге қосыңыз. Қорытынды санды ток желісіне арналған көрсеткіш шектеуімен салыстырыңыз. Ең үлкен ампер көрсеткіштері айнымалы ток қуаты қосқыштарының жанындағы құрылғыларда басып шығарылады.

---

## Қуат сымдары мен кіріс адаптерлері



### МАҢЫЗДЫ:

- R0X35A Aruba 6400 1800 Вт қуат беру құралымен тек Aruba 6400 C16 кіріс адаптерін пайдаланыңыз.
- R0X36A Aruba 6400 3000 Вт қуат беру құралымен тек Aruba 6400 C20 кіріс адаптерін пайдаланыңыз.

3000 Вт қуат беру құралдарымен C16 кіріс адаптерін немесе 1800 Вт қуат беру құралдарымен C20 кіріс адаптерін пайдалануға қолдау көрсетілмейді.

---

Aruba құрылғысы Aruba 6400 коммутаторымен пайдалануға арналған қуат сымдары мен кіріс адаптерлерін қамтиды. Түрлі елдер/аймақтар түрлі қуат сымдарын қажет етуі мүмкін. Aruba 6400 коммутаторына қолданылатын қуат сымдарының тізімін коммутатор өнімінің *Installation and Getting Started Guide* (Орнату және жұмысты бастау нұсқаулығы) құжатының ең соңғы басылымындағы қуат сымдары мен кіріс адаптерлерін тізімдейтін бөлімнен қараңыз.



**АБАЙЛАҢЫЗ:** Aguba құрылғыларымен тек Aguba бекіткен қуат сымдары мен кіріс адаптерлерін пайдалануға болады. Коммутаторға арналған *Installation and Getting Started Guide* (Орнату және жұмысты бастау нұсқаулығының) соңғы нұсқасында берілген қуат сымы мен кіріс адаптерінің құжаттамасын қараңыз. Жоғалған немесе зақымдалған қуат сымдары тек Aguba бекіткен қуат сымымен ғана ауыстырылуы **тиіс**. Егер орнату үшін коммутатормен және/немесе қуат беру құралымен бірге қамтамасыз етілген қуат сымынан басқа қуат сымы қажет болса, еліңіздегі немесе аймағыңыздағы қуат сымдарының нормативтерін анықтайтын қауіпсіздік агенттігінің белгісін көрсететін қуат сымын қолданыңыз. Белгі қуат сымын коммутатормен, қуат беру құралымен және кіріс адаптерімен қауіпсіз қолдануға болатынына кепілдік береді.



**ЕСКЕРТУ:** Зақымдалған немесе ұсынылмаған қуат сымын коммутаторға қолданбаңыз. Мұндай қуат сымдарын пайдалану коммутатор мен қуат беру құралына берілетін кепілдіктің күшін жояды. Бұл қызметкерлердің жарақаттануын немесе олардың өлімін, және коммутатор мен басқа мүлікке зақымды қоса алғанда, қауіпті электрлік мәселелер тудыруы мүмкін. Сіз қуат сымыңыздың коммутатор үлгісімен пайдалануға расталғанына күмәндансаңыз, көмек алу үшін өкілетті Aguba дилеріне немесе сатушы өкіліне хабарласыңыз.



**ЕСКЕРТУ:** Коммутаторды монтаждау немесе бөлшектеу алдында барлық қуат сымдарын коммутатордан алып тастаңыз.

Жапонияда қолданылатын қуат сымы туралы ескерту

製品には、同梱された電源コードをお使い下さい。  
同梱された電源コードは、他の製品では使用出来ません。

## Aguba 6400 қуат беру құралына арналған қауіпсіздік және нормативтік ақпарат



**ЕСКЕРТУ:** Қауіпсіздік, қоршаған орта талаптары мен нормативтік ақпаратты *Safety and Compliance Information for Server, Storage, Power, Networking, and Rack Products* (Сервер, сақтау құрылғысы, қуат, желі және сөре өнімдері туралы қауіпсіздік және сәйкестік мәліметтері) құжатынан <http://www.hpe.com/support/Safety-Compliance-EnterpriseProducts> мекенжайы бойынша қараңыз.

**1-кесте. Тікелей айнымалы кернеуді қолданатын Aguba модульдік қуат беру құралдарына арналған электрлік ақпарат**

Коммутатор өнімінің SKU	Әрбір қуат беру құралының ең жоғары ток қуаты	Айнымалы ток кернеуі	Жиілік аумағы
R0X35A 1800 Вт қуат беру құралдарымен және C16 кіріс адаптерлерімен жабдықталған кез келген Aguba 6405 коммутаторы	110-127 В айнымалы ток үшін 12 А 200-240 В айнымалы ток үшін 10 А	110–127 / 200–240	50/60 Гц
R0X36A 3000 Вт қуат беру құралдарымен және C20 кіріс адаптерлерімен жабдықталған кез келген Aguba 6405 коммутаторы	110-127 В айнымалы ток үшін 16 А 200-240 В айнымалы ток үшін 16 А		

Кесте жалғасы

Коммутатор өнімінің SKU	Әрбір қуат беру құралының ең жоғары ток қуаты	Айнымалы ток кернеуі	Жиілік аумағы
R0X35A 1800 Вт қуат беру құралдарымен және C16 кіріс адаптерлерімен жабдықталған кез келген Aguba 6410 коммутаторы	110-127 В айнымалы ток үшін 12 А 200-240 В айнымалы ток үшін 10 А		
R0X36A 3000 Вт қуат беру құралдарымен және C20 кіріс адаптерлерімен жабдықталған кез келген Aguba 6410 коммутаторы	110-127 В айнымалы ток үшін 16 А 200-240 В айнымалы ток үшін 16 А		



**ЕСКЕРТУ:** C16 кіріс адаптерлері R0X35A (1800 Вт) қуат беру құралдарымен жұмыс істеуге, ал C20 кіріс адаптерлері R0X36A (3000 Вт) қуат беру құралдарымен жұмыс істеуге арналған. Қуат беру құралы және кіріс адаптерінің жұмысы туралы қосымша ақпаратты коммутаторыңыздың моделіне арналған *Installation and Getting Started Guide* (Орнату және жұмысқа кірісу жөніндегі нұсқаулықтың) соңғы нұсқасын қараңыз.

#### Aguba 6400 қуат беру құралдарына арналған қауіпсіздік және нормативтік ақпарат

Элемент	Ауқымы
ЕО қолданылатын сақтық ережелері:	EN 60950-1:2006 +A11:2009 +A1:2010 +A12:2011 +A2:2013 EN62368-1, Ed.2
Бүкіл әлемде қолданылатын сақтық ережелері:	IEC 60950-1:2005 Ed.2; Am 1:2009+A2:2013 IEC62368-1, Ed. 2 IEC 60825-1:2014 (лазер мүмкіндігі бар өнімдерге қатысты қолданылады)
Солтүстік Америкада:	UL60950-1, CSA 22.2 No 60950-1 UL62368-1 Ed. 2




**ЕСКЕРТУ:** Қоршаған орта және акустикалық деректер секілді басқа да коммутатор мен модульдік қуат беру құралының техникалық сипаттамалары коммутатордың соңғы *Installation and Getting Started Guide* (Орнату және жұмысты бастау нұсқаулығы) құжатында қамтылған.

#### Ток соғу қаупі



**АБАЙЛАҢЫЗ:** Ток соғу қаупі. Коммутатордан қуатты толығымен ажырату үшін, барлық қуат сымдарын



суырыңыз.

## Бөлме ішінде пайдаланылатын сымдар туралы ескерту

Осы өнімді және өзара қосылған жабдықты, соның ішінде бүкіл байланысты жергілікті желі қосылымдарын IEEE 802.3af стандартының А қоршаған ортасы бөлімінде сипатталғандай іште бірдей ғимаратта орнату керек.



**ЕСКЕРТУ:** Ішкі кабельдер мен сымдар.



**WARNING**

**FOR INDOOR USE ONLY. The switch, AC power cord, and all connected cables are not designed for outdoor use.**

## Австралия/ЕО/Жаңа Зеландия үшін ЭМС А сыныбы туралы ескерту

Бұл өнім А класына жатады. Тұрмыстық ортада бұл өнімнің радиожилік кедергісін туғызуы мүмкін, мұндай жағдайда пайдаланушы тиісті шараларды орындауы керек.

## Беларусь, Қазақстан және Ресей таңбасы



Өндіруші және жергілікті өкілдік туралы ақпаратты *Safety and Compliance Information for Server, Storage, Power, Networking, and Rack Products* (Сервер, сақтау құрылғысы, қуат, желі және тірек өнімдері туралы қауіпсіздік және сәйкестік мәліметтері) құжатынан қараңыз. Оны <http://www.hpe.com/support/Safety-Compliance-EnterpriseProducts> веб-сайтынан табуға болады.

## Бразилияға арналған мәлімдеме және байланыс ақпараты



**ЕСКЕРТУ:** Este equipamento deve ser conectado obrigatoriamente em tomada de rede de energia elétrica que possua aterramento (três pinos), conforme a Norma NBR ABNT 5410, visando a segurança dos usuários contra choques elétricos.

Se você precisar de mais apoio, você pode entrar em contato conosco pelo Centro de Informações Hewlett Packard Enterprise (0800-710-2029 / +55 11 2377-0002 / +55 11 2377-1002)

## Қытайда қолданылатын қауіпсіздік туралы ескерту

Қытайда қолданылатын қауіпсіздік туралы ескерту ақпаратын *Safety and Compliance Information for Server, Storage, Power, Networking, and Rack Products* (Серверлер, сақтау құрылғылары, қуат, желі және тірек өнімдері туралы қауіпсіздік және сәйкестік мәліметтері) құжатынан қараңыз. Бұл құжатты <http://www.hpe.com/support/Safety-Compliance-EnterpriseProducts> мекенжайы бойынша қараңыз.

## Еуропалық бірлестік

Бұл өнім белгілі кернеу шектерінде пайдалануға жасалған электр жабдықтарына қатысты 2014/35/EU директивасының, электрмагнетикалық сәйкестілікке қатысты 2014/30/EU директивасының, электр және электрондық жабдықта кейбір зиянды заттарды пайдалану шектеулері жайлы 2011/65/EU директивасының талаптарына сәйкес келеді және тиісті CE таңбасымен таңбаланған.



**ЕСКЕРТУ:** Бұл өнім А класына жатады. Тұрмыстық ортада бұл өнімнің радиожилік кедергісін туғызуы мүмкін, мұндай жағдайда пайдаланушы тиісті шараларды орындауы керек.

## Жапонияда қолданылатын VCCI А класы жөніндегі мәлімдеме

この装置は、クラスA機器です。この装置を住宅環境で使用すると電波妨害を引き起こすことがあります。この場合には使用者が適切な対策を講ずるよう要求されることがあります。

VCCI — A

### 사용자 안내문

이 기기는 업무용 환경에서 사용할 목적으로 적합성평가를 받은 기기로서 가정용 환경에서 사용하는 경우 전파간섭의 우려가 있습니다.

### Тайваньда қолданылатын ЭМС туралы ескерту

#### 警告使用者：

此為甲類資訊技術設備，於居住環境中使用時，可能會造成射頻擾動，在此種情況下，使用者會被要求採取某些適當的對策。

## Қуат беру блогын орнату жолын алдын ала қарау



**ЕСКЕРТУ:** Бұл бөлімде Aruba 6400 қуат беру құралдарын орнату қадамдарының алдын ала көрінісі беріледі. Коммутатордың толығырақ орнату қадамдарын, конфигурация құралдары туралы ақпаратты және басқа нұсқаулар мен ақпаратты ең соңғы *Installation and Getting Started Guide* (Орнату және жұмысты бастау нұсқаулығы) құжатынан қараңыз.



**АБАЙЛАҢЫЗ:** Адаптерді коммутатордан шығарар алдында әрқашан қуат сымын орнатылған қуат қосу адаптерінен алыңыз. Адаптер коммутаторға дұрыс орнатылмаған болса, қуат сымын қуат қосу адаптеріне қоспаңыз.

- Коммутатордың корпусы мықтап бекітілгеннен кейін, алдыңғы панельдегі жапқышты алыңыз.
- Қуат беру блогы ұяшығының қақпағын коммутатордың алдыңғы жағынан алыңыз.
- Қуат беру блогын орнына мықтап түскенше ашық қуат беру блогының ұяшығына сырғытыңыз, ал қуат беру блогының алдыңғы жағы коммутатордың алдыңғы панелімен теңесуі тиіс. Қуат беру блогын ұяшыққа кіргізгенде, қуат беру блогының үстіңгі жағы жоғары қаратылғанына көз жеткізіңіз; яғни қуат беру блогын босату ілмегі оң жақта болуы тиіс.
- 3-қадамда орнатылған, қуат беру блогына сәйкес келетін артқы қуат көзінің кіріс ұяшығынан қақпақты алыңыз.
- Қуат қосу адаптерін 3-қадамда орнатылған қуат беру блогының алдыңғы ұяшығына сәйкес келетін артқы ұяшыққа сырғытыңыз. Босату ілмегі оңға қаратылып, адаптер орнына нық отырғанына, ал қуат көзінің кіріс беті коммутатордың артқы панелімен теңесіп тұрғанына көз жеткізіңіз. Қуат қосу адаптерін берілген бұрандамен корпусқа бекітіңіз.
- Орнатылатын әрбір қуат беру блогы үшін 2-5 қадамдарды қайталаңыз.
- Коммутатордың алдыңғы панеліндегі жапқышты ауыстырыңыз.

## Құжаттар туралы пікір

Ақаулар туралы ақпаратты, ұсыныстар немесе түсініктемелеріңізді Documentation Feedback қызметіне ([docsfeedback@hpe.com](mailto:docsfeedback@hpe.com)) жіберіңіз.